

БІЗДІҢ КАЛЕНДАРЬ

Жаны - қазақ, тегі түрік

Дандай Ысқақұлы

Осы бір қашан көрсең де аспайтын, саспайтын, сабырлы да салмақты қалпынан бір аумапайтын мол пішілген денесіне сай асықпай жүріп, аптықпай баппен сөйлейтін жігітті менің білгеніме қырық жылдай уақыт болып қалыпты. Біз университет бітірген соң әскер қатарына шақырылып, азаматтық парызымызды атқарып келгеннен кейін ҚР ҰҒА М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының аспирантурасына түстік. Фадли сол кезде академиядағы Тіл білімі институтының ғалым хатшысы екен.

Алғашында қазақ тілінің майын тамызып сөйлейтін, оның үстіне сол қазақ тілінің сан алуан проблемаларын зерттеумен айналысатын қазақтың мандай алды тілші ғалымдары шығарылған ғылыми институттың хатшысы болып істейтін жігіттің қазақ екендігіне күмән болмайтын. Бірақ та оның мұрынды келген кесек ер тұлғасы, өзгешелеу бет пішіні айрықша көзге ұрып тұратын. Сөйтсек, кейін білдік, Фадли түрік екен.

1573 жылы Грузия Осман империясының құрамына енгізілген соң сол елдің оңтүстігіне ішкі Анадолыдан түрік отбасылары апарылып орналастырыла бастайды. Кейін бұл өңір «Ақысқа патшалығы» деп аталды. Қазір «Ақысқа (Месхет)түріктері » деп аталатын халық— міне, сол Анадолыдан қоныс аударған түріктердің ұрпақтары.

1892 жылы 21 қыркүйекте Түркияның Едірне қаласында Ресей мен Түркияның арасында жасалған келісімге сәйкес бұл өңір Ресейге қайтарылады да, ондағы түрік диаспорасы Грузияның территориясында қалып қояды. Сөйтіп, Түркиядан қатынас үзіледі.

1944 жылдың қараша-желтоқсан айларында Грузияны мұсылман түріктерден тазарту үшін қанішер Сталин мен оның итаршысы Берия түрлі сылтаулармен Ақысқа түріктерін мал таситын вагондарға тиеп, орта Азия мен Қазақстанға депортация жасайды (күштеп жер аударады). Сол зорлықпен көшірілгендердің ішінде әке-шешесімен бірге Фадли Фазылұлы Әли де бар болатын. Олар Жамбыл облысы Шу ауданы Белбасар ауылына қоныс тепті. Бала Фадли сол жердегі жеті жылдық, содан кейін аудан орталығы Новотройцкі (қазір Төле би) ауылындағы қазақ орта мектебін бітірді. Жоғарғы сыныптарда әдебиет пәнінен бүгінде белгілі қазақ жазушысы Әкім Таразиден дәріс алуы елгезек жастың рухани-мәдени өсуіне көп әсер еткен. Ол ұстазы ұйымдастырған үйірмелерге белсене қатысты, аудандық, облыстық, республикалық газеттерге мектеп, ауыл өмірінен мақалалар жазып тұрды.

1957 жылы Фадли Әли ҚазМУ-дің филология факультетінің қазақ тілі мен әдебиеті бөліміне оқуға түсті. Курстастарының арасында бүгінде

есімдері елімізге танымал Ә.Кекілбаев, М.Мағауин, С.М.Исаев, С.Мырзабеков, С.Танқаев, О.Сәрсенбаев, Б.Сағындықов т.б жазушы ғалымдардың болуы оның кереметтей талантты жастардың ортасына түскенін айқындайды. Оның үстіне, бағына қарай, М.О:Әуезов, М.Балақаев, І.Кеңесбаев, Ы.Маманов. Б.Кенжебаев, Х.Сүйіншіәлиев, З.Қабдолов, Қ.Ақанов т.б есімдері әйгілі, ұлы ұстаздардан дәріс алды, өнегесін көрді. Әсіресе, өзіне ерекше мейірімі түсіп, туған ағасындай қамқорлық жасаған марқұм Сейділдә Оралиевтің есімін құрметпен жиі-жиі еске алып отырады.

Университетті тамамдаған соң, Фадли Әли өзі оқыған мектепке қайта оралып, біраз жыл мұғалімдік қызмет атқырды. 1969 жылдың күзінде ҚР ҰҒА Тіл білімі институтының аспирантурасына қабылданды. 1973 жылы Қазақстандағы Ақысқа түріктері тілінің лексикасы бойынша кандидаттық диссертация (ғылыми жетекшісі академик І.Кенесбаев) қорғап, сонда қызметке қалдырылды. Онда ол лексикография, диалектология салаларында еңбек етті. 1975-1978 жылдары Тіл білімі институтының ғылыми хатшысы қызметін атқарды. Осы уақытта тырнақ алды туындысы – кандидаттық диссертациясы негізінде жазылған кітабы (монография) орыс тілінде жарық көрді.

1996 жылдың ақпан айынан бері Фадли Әли - әл-Фараби атындағы ҚазМУ-дың шығыстану факультеті Түрік филологиясы кафедрасының меңгерушісі, доценті қызметтерін атқарды. Қазір зейнеткерлікте. Зейнеткерлікке шыққан соң ол бірынғай ғылыми-публицистикалық, аудармашылық жұмыстарға бет бұрды. Ол – қазақ тілінің, түркі филологиясының түрлі мәселелріне арналған 300-ге тарта мақала, ғылыми хабарлама, рецензия және аударманың авторы. Еңбектерінде қазақ оқырмандарына Түркияны, түрік дүниесінің басқа да өмірлерін, түрік әлемінің тарихи ұлы тұлғаларын таныстырады. Түрік бірлігі идеясын насихаттайды.

Ф.Әли алдымен – тілші ғалым. Оның қазақ тіл білімінің түрлі мәселерін зерттеген бірнеше еңбектері жарық көрген. «Қазақстан түріктерінің лексикасы жөніндегі очерктер» (1978), «Қазақ тіліндегі аймақтық ерекшеліктер» (1990) сияқты іргелі еңбектері жеке кітап болып басылған. Ол «Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігін» (1996) жасауға қатысқан; түрікше-қазақша, қазақша-түрікше тілашар авторларының бірі.

Ф.Әли түркі әлемінен шыққан ұлылардың еңбектерін қазақ оқырмандарына таныстыруда қыруар жұмыстар атқарды. Ол белгілі қазақ тарихшысы, «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, Қ.А.Яссауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің құрметті профессоры, «Азаттық» радиосы қазақ бөлімшесінің бұрынғы директоры Хасен Оралтайдың «Алаш-Түркістан түріктерінің ұлт-азаттық ұраны,» Түркия республикасы ұлттық білім министрлігі дайындаған «Түрік әлем әдебиеті» атты жоғары сынып оқушыларына арналған оқулықты, түрік ойшылы Зия Көкалыптың «Түрікшілдік негіздері» кітаптарын қазақ тіліне аударды. Түрік тілінен аударған «Иман» (1993 ж) атты кітабы Стамбулда жарық көрген.

Соңғы жылдарда ол көркем аудармамен айналысып, түрік тілінен бірнеше романдар аударды. Ол әсіресе түріктің атақты қаламгері,

түрікшілідік идеяларымен данқы шыққан Хусейн Михал Атсыздың шығармашылығын қазақ оқырмандарына таныстыруға көп көңіл бөлді. Атсыздың «Көк бөрілердің өлімі» (Көк түрік қағандығының жойылуы, Қытайға бодан болуы жайында), «Көкбөрілердің өліп-тірілуі» (Елтеріс қағанның басшылығымен көктүрік қағандығының 40-50 жылдан кейін қайта құрылуы туралы), «Көкжал» (Сұлтан Баязит қайтыс болғаннан кейін оның ұлдарының арасындағы тақ үшін болған соғыстар хақында) сияқты тарихи романдарын аударып, қазақтың да рухани әлеміне әкеліп қосты.

Осы салада жасаған еңбегі үшін оған Түркиядағы «Түрік ошақтары» ұйымының Қ.Н.Атсыз атындағы «Түрік әлемі алдындағы қызметі үшін» сыйлығы берілген (1998)

Ол бес рет Түркияда (1978,1992,1993,1994,1997), бір рет Германияда (1995) болып, түрлі халықаралық конференцияларда түркология, түркі әлемі мәселелері бойынша баяндамалар жасады. Ол қоғамдық жұмыстарға да белсене қатысып келеді.

Ф.Әли 1996 жылы Алматыда құрылған Мұстафа Шоқай атындағы қоғамдық қорының басқарма мүшесі, осы қор шығаратын «Жас Түркістан» журналының бөлім меңгерушісі, «Мемлекеттік тілге құрмет» қоғамдық бірлестігінің (төрайымы Асылы Әли Османова) ұйымдастырушыларының бірі болды.

Ол сондай-ақ «Қазақстан -2» («Алатау») телеарнасы бойынша көрсетілген Жұмаш Кенебайдың «Түрік даналары» атты авторлық бағдарламасының хабарларына жиі-жиі қатысып, теледидар арқылы ата-бабаларымыздың ерлігін дәріптеді. Ұлты басқа болса да, жаны қазақ Ф.Әлидің қазақ тілінің қоғамымызда өзіне лайықты орнын алу үшін күресіп келе жатқан үлкен азаматтық болмысын бөле айтуымыз керек.

Өзінің өмірлік серігіне айналған қазақ тілінің жанашыры ретінде ғалымды қазіргі таңдағы ана тіліміздің көп жағдайы ойлантады. Фадлидің қазақ тілінің мемлекеттік тілге айналуына сіңірген еңбегі басқаларына үлгі өнеге болуы тиіс.